

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Мағрипа Ескеева*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,**Астана қ., Қазақстан**(E-mail: mag61103@inbox.ru)***Абай тіліндегі бинарлық қатынастар**

Аңдатпа. Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туған халқы жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге, жалпыадамзаттық мүддеге бағытталған ғибратты ойлары бүгінгі қазақ әлемінің рухани дамуының өзегіне алынуда. Мақала Абай шығармалары тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын тілдік бірліктерді талдауға бағытталған. Көп қабатты бір концепт бойына жинақталған идеялық таңбалар тізбегі ортақ белгілерге негізделген мәндес ұғымдарды да, аралық ұғымдарды да, антиномиялық ұғымдарды да қамтиды. Әрбір тізбектің полярлық шегі қарама-қарсы мәнмен тұйықталады. Философтар диалектиканың дуалистік теориясына орай концепт ұғымын қарама-қайшылықтар бірлігі ретінде тануы да осыдан туындайды. Лингвистика ғылымы бойынша ноосфералық әлемдегі мұндай қарама-қарсылық коннекторлары тілдік әлемде бинарлық жұптар арқылы көрініс табады. Тілдегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын тілдік бірліктер диалектикадағы қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңдылығымен ұштасып жатқан лингвофилософиялық құбылыс. Тұтастай алғанда тіл жүйелі құрылым, кешенді ноосфералық құбылыс болғанымен ішкі табиғаты қайшылыққа толы. Адамзат табиғаттың бір бөлшегі саналатындықтан оның тілі де табиғи микрокомпонент, әрі адамзаттың бар болмысын, өзге тіршілік иелерінен ерекшелігін ашатын, адами танымды, сапаны айқындайтын, сондай-ақ белгілі бір тілдік қауымдастықтың немесе этностың ментальдық дара сипатын танытатын көп қырлы категория. Абай тіліндегі бинарлық қатынастар «өмір – өлім», «жан – тән», «бар – жоқ», «жақсы – жаман», «даналық – نادандық» «имандылық – имансыздық», «әке – бала» т.б. оппозицияларды қамтиды. Абай тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын лексемалардың этномәдени мазмұны ұлы ойшылдың күрделі ойлау жүйесі мен дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындайды.

Түйін сөздер: Абай Құнанбаев, қазақ тілі, бинарлық қатынастар, қарама-қарсылық коннекторлары, лингвофилософия

DOI: <https://doi.org/10.71078/em5vqh55>

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Этнос тілінің мазмұнында жинақталған күрделі танымдық үдерістерді айқындауда сол қауымнан шыққан, сол қауымның тілінде ойлап, сөйлеп, жазатын ұлы тұлғалардың ой-тұжырымдары мен пайымдаулары, яғни шығармаларының тілі негізге алынатыны белгілі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармалары үздіксіз даму үдерісінен өтіп келе жатқан қазақ әдеби жазба тілінің жаңа бағытта дамуына серпін берумен қатар қазақ қоғамының төл рухани-мәдени құндылықтарын заманға сай дамытудың, әлемдік өркениетте өз орнын алатын ұрпақ қалыптастырудың бағыт-бағдарын да меңзейді. Абайдың қазақ қауымына тән кемшіліктер жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге,

жалпыадамзат мүддесіне, қазақ мүддесіне бағытталған тағлымға толы ғибратты сөзі бүгінгі қазақтың рухани дамуының өзегіне алынуда. Абай әлемін тану – қазақтың рухани әлемінің нығаюына, рухани өрлеуіне серпін береді. «Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі» (Тоқаев, 2024). Абайдың даналығы мен парасаттылығын, күрделі рухани әлемі мен көпқабатты дүниетанымын сипаттайтын шығармаларының бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берері мол. Сондықтан да Абай шығармаларындағы антиномиялық, яғни қарама-қарсы ұғымдарды сипаттайтын әр деңгейлі – (лексемалық, синтаксистік, контекстік) тілдік репрезентацияның мазмұнын ашу қазақ тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Абайдың қолданысындағы қарама-қарсы ұғымдардың қолданысы қазақ тілінің бейнелі де астарлы табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда тіл жүйелі құрылым, кешенді ноосфералық құбылыс болғанымен ішкі табиғаты қарама-қарсы ұғымдардан тұрады. Адамзат табиғаттың бір бөлшегі саналатындықтан оның тілі де табиғи микрокомпонент, әрі адамзаттың бар болмысын, өзге тіршілік иелерінен ерекшелігін ашатын, адами танымды, сапаны айқындайтын, сондай-ақ белгілі бір тілдік қауымдастықтың (этностың) дара сипатын танытатын көп қырлы категория. Сол себепті де адам танымындағы символдық нышандар мен одан таралған ұғым, тану нысаны – заттар мен құбылыстар араларындағы көзге көрінбейтін табиғи-семиотикалық-логикалық байланыстар лингвистер тарапынан қызығушылық тудырып, тілді зерттеудің онтологиялық ұстанымдарына ерекше мән беріліп келеді.

Белгілі бір тілдік ортаның «мазмұндық өріс жүйесі арқылы танылатын ментальды болмысы абстрактылы идеялардың матрицасы – таңбаның сан алуан қызметі жинақталған символдық концептілер жүйесіне негізделеді (Колесов, 2004: 11).

Зерттеу әдістемесі

Адам танымы мен өзара изоморфтық реңкке ие заттар, құбылыстар арасындағы тік және көлденең бағыттағы мәңгілік байланысты айқындайтын, сол заттар мен құбылыстар жайлы архаикалық ұғым-түсініктердің жиынтық мәнін құрайтын концепт тұтастай алғанда символдық мән-таңбалардың тоғысу нүктесі болса, концептуалды өрісті бір нүктеде тоғысатын бірнеше символдық мән-таңбалар тізбегінен тұратын сәулелер жүйесі құрайды. Таңбалар белгілейтін идеялардың лингвистикалық сипат алып, саналы адамзаттың дыбыстың тілінің қалыптасуы, сөздің идеялық қыры мен акустикалық бейнесінің байланысы, яғни ішкі тұлға мен сыртқы тұлғаның бір-біріне ықпалы, арақатысы абстрактылы-логикалық модельдер мен нақты лингвистикалық модельдердің сабақтастығы тұрғысынан онтологиялық негізде айқындалады.

Сан қабатты бір концепт бойына жинақталған идеялық таңбалар тізбегі ортақ белгілерге негізделген мәндес ұғымдарды да, аралық ұғымдарды да, антиномиялық ұғымдарды да қамтиды. Әрбір тізбектің полярлық шегі қарама-қарсы мәнмен тұйықталады. Философтар диалектиканың дуалистік теориясына орай концепт ұғымын қарама-қайшылықтар бірлігі ретінде тануы да осындан туындайды. Лингвистикалық ғылым бойынша ноосфералық әлемдегі мұндай қарама-қарсылық коннекторлары тілдік әлемде бинарлық жұптар арқылы көрініс табады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Тілдегі бинарлық қатынас «алғашқы бейтарап ұғымның қарама-қарсы нұсқаларының танылуына байланысты мазмұнның полярлануы нәтижесінде» (Шур, 1974: 46) мағынаның қарама-қарсы бағытқа ыдырауымен қатар жүретін құбылыс. Антиномиялық сипатқа ие бинарлық жұптардың орталық шегіндегі бейтарап ұғым оппозициялық ұғымдармен

тепе-теңдік қатынасты сақтайды. Мәселен, «Адам» микрожүйесі бойынша *ер адам, әйел* тұлғалары тізбектің полярлық шектерін бейнелесе, *адам* орталық шегін көрсетеді. Ал адамды табиғаттың бөлшегі, саналы, сөйлей алатын тіршілік иесі ретінде «Табиғат» микрожүйесінде қарастырсақ, *еркек* ← *тіршілік иесі* → *ұрғашы* үштігі шығады. Бұл тіршілік иелерінің тек жыныстық ерекшелігі жайлы адам санасында танылған идеялық таңбалар жиынтығы, концептің бір түзу бойына орналасқан қарама-қарсы бағыттағы сәулесінің тілдік бейнесі. Тіршілік иелерінің басқа сапалық қасиеттеріне, оларға қатысты басқа да атаулардың қалыптасуы бірнеше тізбектен тұратын қарама-қарсы бағыттағы сан-алуан сәулелер кешеніндегі идеялық таңбалардың лингвистикалық сипат алуына байланысты. Тізбектің полярлық шектері мен бейтарап-орталық шегінің араларында мыңдаған аралық ұғымдар шоғырлануы мүмкін. Сондықтан тілді онтологиялық тұрғыдан зерттеуде тіл жүйесіндегі бинарлық қатынастардың табиғатына ерекше мән беру басты ұстанымдардың бірі болуы қажет.

Адам танымымен, оның ғаламды пайымдауымен қатар жүретін лексика-семантикалық даму» нәтижесінде оппозициялық мазмұн бір негізден тараған сөздерді де, гетерогенді лексемаларды да қамтиды. Түркі тілдері тарихи лексикологиясында түбірлес моносиллабтардың антонимдік сипаты ғылымда белгілі құбылыс, сирек болса да *кел* ↔ *кет*, *ат* ↔ *ал*, *сат* ↔ *сал*, *бас* ↔ *баш*(*ай*), *ұш* ↔ *ұс*(*та*), *ыз*(*ғар*) ↔ *ыс*(*тық*) т.б. сөздердің оппозициялық қырлары, олардың гомогенділігі туралы болжамдар айтылуда. Түбірлес моносиллабтардың оппозициялық жұп түзу мүмкіндігін айқынырақ ажырату үшін жалпытүркілік танымда белгілі, антиномиялық мәні айқын гетерогенді моносиллабтар негізінде көрінетін бинарлық жұптардың табиғатын негізге алу керек.

Абай тіліндегі қарама-қарсылық коннекторларының мазмұндық ауқымы мен қолданыс аясы ұлы ойшылдың дүниетанымының кеңдігі мен тереңдігін, қазақтың мүддесін жалпыадамзаттық мүддемен ұштастыра білген даналығын сипаттайды. Абай ең алдымен қазақтың перзенті, түркі халықтарының өкілі, сондықтан ақын тіліндегі бинарлық жұптардың мазмұндық аясы жалпытүркілік ұғымдардан құрала отырып, жалпыадамзаттық әмбебап ұғымдардың оппозициялық жұптарына ұласады. Ақын тіліндегі антиномиялық ұғымдардың репрезентанттары лексемалық тура мағынадан алшақ болуы да мүмкін.

Абай Құнанбайұлының өлең жолдарында қолданылған *мен*, *менікі* лексемаларының мазмұны аталған есімдіктің тура мағынасынан әлде қайда кең әрі астарлы, оппозициялық мәні бар:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес (Өлсе өлер табиғат, адам өлмес) (Абай, 2005).

Ұлы ойшылдың қолданысындағы *мен* – адамның жаны, мәңгілік рух; *менікі* – ет пен сүйектен тұратын адамның тәні, осы өмірдегі адами тұрпаты, жалған дүниедегі уақытша форма немесе табиғат. «Менікі» адам қайтыс болғаннан кейін топыраққа айналып, жерде қалады, ал «мен» басқа күйге еніп мәңгі жасайды. «Адам өлмейді, оның жаны тәнінен бөлініп, болмысы рухқа айналады» (Есім, 2012:134). Демек, Абайдың «мені» мен «менікісі» жалпыадамзаттық *Жан* ↔ *Тән* бинарлық жұбының мазмұндық аясына кіреді, белгілі бір дәрежеде көне түркілік *Көк* ↔ *Жер*, *Өмір* ↔ *Өлім*, *Мәңгілік* ↔ *Жалғандық* оппозицияларымен ұштасады. Есте ұстайтын мәселе, Абай бұл өлеңінде жалпы адамдар жайлы емес, ақыл-парасаты жоғары, ел-жұртқа қадірлі адамдар туралы айтады:

Өлді деуге сыйа ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? (Өлсе өлер табиғат, адам өлмес) (Абай, 2005:102).

Көне түркі мұралары тілінде де бинарлық символдардың жіктелісі айқынаңғарылады. И.В.Стеблева көне түркі ескерткіштері мәтініндегі бинарлық оппозициялар әртарапты

(универсалды) болып келетініне мән бере отырып, түркілер дүниетанымындағы оппозициялық символдар өз бастауын ежелгі кезеңдерден алатынын көрсетеді: «...одновременно с этим обнаруживается сумма конкретных классификаторов, часть которых также является универсальной. ...следы бинарной символической классификации в рунических текстах позволяют сделать вывод, что она, повидимому унаследовано от более древних времен» (Стеблева, 1972: 214).

Түркілер тіліндегі жоғарғы әлем мен төменгі әлемнің қарама-қарсылық сипаты тік сызық бойынша *Көк – Жер* бинарлы жұбы арқылы сипатталады. Көне түркі тіліндегі *көк* «аспан» сөзінің бинарлық жұбы *жер-су* қос сөзінің басты символдық атрибуттары: жоғарғы әлемдегі алып кеңістік *Көкке* қарама-қарсы төменгі әлем; адамзаттың – атамекені, яғни жалғандық; тіршілік иелері мен өсімдік әлемінің өсіп-өркендеуіне жағдай жасаушы; тіршілік иелерінің материалдық тұлғасын өмірге әкелуші, яғни аналық негізбен байланыстылығы. «Көне түркілер дүниетанымы бойынша *көк-жер* бинарлы жұбының ерекше мәндерінің бірі мәңгілік – жалғандық идеясы *иш* ↔ *дон* «ұш – қон» іс-әрекеттік оппозициясы арқылы нақтыланып, *tirlig* ↔ *ölüg* «өмір (тірлік) – өлім (өлік)» жұбымен тиянақталады» (Ескеева, 2011:168). Адам баласы дүниеге келгенде жаны *Көктегі* тәңірден беріліп, тәні *Жерде* пайда болады, қайтыс болғанда жаны *мәңгілік* мекен *көкке* қайта ұшып, тәні адамзаттың уақытша мекені, *жалған* дүние – *жерде (көрде)* мәңгілікке *қонақтап*, сіңіп кетеді деген діни-мифологиялық дүниетанымын көне түркі ескерткіштері тіліндегі бинарлық оппозициялардың семантикалық қырлары арқылы дәл анықтауға болады.

Абайдың өмір мен өлім жайлы тұжырым пайымдаулары жалпы түркілік дүниетаным мен ислами мәдениеттің сабақтастығын сипаттай отырып, жалпы адамзаттық әмбебап пайымдаулармен ұштасады. Абай тілінде *өлім* – адамды қорлықтан, бұл дүниенің азабынан құтқарады; *өмір* – өткінші:

Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегенің

Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің

Ойлай берсең у екен (Не іздейсің, көңілім, не іздейсің) (Абай, 2005:15).

Нәтижелер мен талқылаулар

Абай шығармалары тіліндегі мазмұны терең әрі ауқымды бинарлық жұптардың бірі – *Жақсы (адам) ↔ Жаман(адам)*, *Жақсылық ↔ Жамандық* оппозициялары. Абай танымы бойынша жақсылық та, жамандық та адамның өзінен: Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады... Жаманшылыққа бірелігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі... (Он төртінші сөз) (Абай, 2005:58); білсем деп ұмтылмау, ақыл-парасаты мол, білімді немесе көргені көп, айтары бар адамдарды тыңдағысы келмеу де жамандықтың белгісі: Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгілі қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл, жиреніп үйден қуып шығады (Он жетінші сөз) (Абай, 2005:65); сол сияқты жұмысы жоқтық пен талапсыздық адамды жамандыққа жетелейтін қасиеттер: Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді (Қырық екінші сөз); Адам баласының ең жаманы – талапсыз... (Қырық төртінші сөз) (Абай, 2005:69). Ұлы ойшыл жақсы адамның басты атрибуты ретінде адамшылықты, кісілікті қояды, ал адамшылықтың негізі махабатта: Адамшылықтың алды – махабат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі (Қырық бесінші сөз) (Абай, 2005: 24).

Абай Құнанбайұлы *Жақсы адам ↔ Жаман адам* оппозициясын адам тәнінің табиғи қажеттіліктері мен адам жанының, яки саналы адамның рухани қажеттіліктерін қарама-қарсы қою арқылы да түсіндіреді: Жас баладан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары. ...Біреуі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді Мұның бәрі – жан құмары... Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз (Абай. Жетінші қара сөз). Абай тіліндегі мұндай мысалдар *Жан құмары ↔ Тән құмары* оппозициясы арқылы *Жақсы адам ↔ Жаман адам* бинарлық жұбының мазмұндық аясына кіреді.

Жалпы түркі тілдерінің деректері негізінде *Жақсы → Жаман* бинарлық жұбының негізгі лексикалық бірлігі *жақсы, жаман* антиномиялық лексикасының этимологиялық бастауы бір архитұлғадан таралуы мүмкін: **žaq ↔ *žat: жақсы ↔ жаман; *žaq: жат → žat ↔ жақын*. Ескерткіштер тілінде *jayūt-* «приближаться» (Батманова, 1971:42). *jakilig* «сторонник», *jan* «возвращаться» (Батманова, 1971: 43) лексемалары қолданылады. *jayūt, jakilig* сөздерінің қазақ тіліндегі нұсқалары *жақын, жақтас* сөздерінің негізі *жақ* (оң жақ, сол жақ) моносиллабы. **žaq* тұлғасымен түбірлес *žan* (үйдің жаны, жанында) лексемасы мен көне түркілік *jan-* «возвращаться» сөзі синкретизмдер қатарына жатады, «жақын» мәнін беретін *жуық* сөзі де қолданыста. Демек аталған тұлғалардың бәрінің негізі бір, ортақ семасы «белгілі бір объектінің екінші объектіге жақындауы немесе қасында орналасуы», ортақ түбір **ja/*ža* тұлғасы. **žaq/žan* моносиллабтарының оппозициялық мәні *žat* «бөтен», *žaw* «қас» сөздерінен көрініс береді. Ескерткіштер тілінде *jat* «враг», «чужой, чужбина» (Словарь, 1969: 247), *jaу* «враг» (Батманова, 1971: 42) түрінде тұлғаланады, *jat* сөзінің «враг» мағынасының да тіркесуі оның *jaу* лексемасымен түбірлес екенінің айғағы, ортақ түбірі **ja/za* (Севортян, 1989: 56), ортақ мәні «бөтен, жау; алыстан, басқа жақтан келген; жақын емес». **ja* түбірі *jablaq, jabuz* «плохой, дурной» (Батманова, 1971: 42) сөздеріне де негіз болып тұр, қазақ тіліндегі нұсқалары *жауыз, жаман/жабы*. Демек *жаман* сөзімен оның анонимдік сыңары *жақсы* сөздерінің түбірлес екеніне көз жеткізуге болады. Жақынын жақсы көру, өзіне беймәлімді жат санау, жаман санау жалпы адамзатқа тән құбылыс.

Абай тіліндегі бір ғана *Иманды ↔ Имансыз* оппозициясының мазмұны адамгершілік қасиеттер мен адамшылыққа жат қылықтарды сипаттайтын семалардың тұтас кешенін қамтиды. Бұл қазақтың рухани мәдениетіндегі иманның қаншалықты маңыздылығын, халық санасына соншалықты сіңісті болып кеткен адамгершілік өлшемі екенін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде кісілікті сақтау – имандылық шарты, бұл Абайдың да басты ұстанымдарының бірі. Айырықша ақыл-парасат иесі Абай тіліндегі иман жайлы лингвоақпараттың жалпы мазмұны: имандылық – адамның рухани әлемін тазарту жолы, қоғамды жаман әдеттен арылту жолы. Қазақ ұғымындағы имандылықтың бір баламасы – кісілік. «1. Адамгершілік, азаматтық. 2. Әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез» (Сөздік, 2008: 441) мағыналарын беретін *кісілік* сөзінің екінші мәні сөз мазмұнындағы идеосемалардың бірнеше бағытта дамуға қабілетті полисемантикалық сипатына байланысты. Түркі тілдері семантикалық жүйесіндегі гомогенді сөздердің қарама-қарсы мағыналарға ыдырауы да жиі кездесетін құбылыс. Жалпытүркілік *kisi/kiši* лексемасының этимологиясы жайлы көзқарастар да «Тәңірлік» идеясына барып тіреледі. Түркі тілдеріндегі үлкен – кіші оппозициясы арқылы *kisi/kiši* «адам, кісі» лексемасының аталымдық уәжін анықтауға болады. Тәңір түркілер танымындағы ұлылықтың, үлкендіктің символы болса *kiсі/kiši* «адам» кішіліктің белгісі, адам баласы Тәңірдің алдында дәрменсіз, оған тәуелді, Тәңірдің туындысы. Жаратқанға жалбарынып, бойынды да, ойынды да күнадан алыс ұстап, кісілікті сақтау – имандылық шарты. Қазақ тіліндегі *кісілік* сөзінің мазмұнында кімге болса да құрметпен қарап, кішілік көрсету, мансап пен байлықты мақтан тұтпау, қарапайымдылық пен кішіпейілділікті сақтау сияқты адами қасиеттердің сипаттайтын семалар жинақталған. Қазақ тіліндегі иман

жайлы лингвоақпараттың жалпы мазмұны иманшылықты адамның рухани әлемін тазарту жолы, қоғамды жаман әдеттен арылту жолы тұрғысынан айқындай отырып, «иман – мұсылманның басты парызы», «иман – адамгершілік өлшемі» идеяларының мазмұнын қамтиды.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлы тіліндегі бинарлық қатынастар негізінен *Жақсы (адам) ↔ Жаман (адам)* оппозициясының мән-мағынасын түсіндіретін антиномиялық жұптардан тұрады. Абай тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын лексемалардың этномәдени мазмұны ұлы ойшылдың күрделі ойлау жүйесі мен дүниетанымдық ерекшеліктерін, өмірлік ұстанымдары мен туған халқына деген шынайы сүйіспеншілігін, «қазақтың болашағы жарқын болу үшін қайтпек керек?», «қайтсек қазақ бәсекеге қабілетті ұлтқа айналады?» деген сұрақтар төңірегіндегі ұлы идеяларды ұлықтаған ұлттық мүддесін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (Ибраһим Құнанбаев). (2005). *Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер*. Алматы: Жібек жолы.
- Древнетюркский словарь*. (1969). Под. Ред. В.М. Надеяева, Д.М. Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М. Щербака. Ленинград: Наука.
- Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках*. (1971) Под ред. И.А. Батманова. Фрунзе: Илим.
- Ескеева, М.Қ. (2011). *Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі*. Астана: Сарыарқа.
- Есім, Ғ. (2012). *Хакім Абай*. Астана: Фолиант.
- Колесов, В.В. (2004). *Язык и ментальность*. Санкт-Петербург: Петербург. Востоковедение.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі* (2008). Алматы: Дайк-Пресс.
- Севортян, Э.В., & Левитская, Л.С. (1989). *Этимологический словарь тюркских языков*. (IV т.) Москва: Наука.
- Стеблева И.В. (1972). Ореконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы В *Тюркологический сборник* (С. 213-226). Москва: Наука.
- Тоқаев, Қ.К. (2023). *Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан*. <http://www.akorda.kz/>
- Щур, Г.С. (1974). *Теория поля в лингвистике*. Москва: Наука.

References

- Abai (Ibragim Qunanbaiuly). (2005). *Poems, poems, translations and prose*. Almaty: Zhibek Zholy. [in Kazakh].
- Ancient Turkic dialects and their reflection in modern languages*. (1971). Edited by I.A. Batmanov. Frunze: Ilim. [in Russian].
- Dictionary of Old Turkic*. (1969). Edited by V.M. Nadelyaev, D.M. Nasilov, E.R. Tenishev, & A.M. Shcherbak. Leningrad: Nauka. [in Russian].
- Eskeeva, M.Q. (2011). *Linguo-philosophical foundations of Old Turkic written monuments*. Astana: Saryarqa. [in Kazakh].
- Explanatory dictionary of the Kazakh language*. (2008). Almaty: Daik-Press. [in Kazakh].
- Kolesov, V.V. (2004). *Language and mentality*. Saint Petersburg: Petersburg Oriental Studies. [in Russian].

- Sevortyan, E.V., & Levitskaya, L.S. (1989). *Etymological dictionary of Turkic languages* (Vol. 4) Moscow: Nauka. [in Russian].
- Shchur, G.S. (1974). *Field theory in linguistics*. Moscow: Nauka. [in Russian].
- Stebleva, I.V. (1972). On the reconstruction of the ancient Turkic religious-mythological system. In *Turkological Collection* (pp. 213–226) [in Russian]. Moscow: Nauka.
- Tokayev, K.K. (2023). *Abai and Kazakhstan in the 21st century*. <http://www.akorda.kz/> [in Kazakh]
- Yesim, G. (2012). *Hakim Abai*. Astana: Foliant. [in Kazakh].

Magripa Yeskeyeva

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
(E-mail: mag61103@inbox.ru)*

Binary Relations in Abai's Language

Abstract. The conceptual reflections and humanistic ideas of Abai Kunanbaiuly, the great son of the Kazakh people, dedicated to his native people and universal human values, lie at the core of the spiritual development of the modern Kazakh world. This article focuses on analyzing linguistic units that characterize binary relationships in the language of Abai's works. A sequence of ideological symbols, consolidated around a multi-layered concept, encompasses synonymous, intermediate, and antinomic notions based on shared features. The polar boundaries of each sequence are closed by opposing meanings. Philosophers' recognition of the concept as a unity of contradictions, in line with the dualistic theory of dialectics, also stems from this. In linguistic science, such oppositional connectors in the noospheric world manifest through binary pairs in the linguistic realm. The linguistic units describing binary relationships in language intertwine with the linguo-philosophical phenomenon linked to the dialectical law of the unity and struggle of opposites.

Overall, while language is a systematic structure and a complex noospheric phenomenon, its inherent nature is full of contradictions. Since humanity is considered a part of nature, its language is both a natural microcomponent and a multifaceted category that reveals human existence, distinguishes humans from other living beings, defines human cognition and quality, and reflects the unique mental characteristics of a linguistic community or ethnicity. The binary relationships in Abai's language include oppositions such as "life – death," "soul – body," "existence – non-existence," "good – evil," "wisdom – ignorance," "faithfulness – faithlessness," "father – child," etc. The ethno-cultural content of lexemes describing these binary relationships in Abai's language elucidates the great thinker's intricate system of thought and worldview.

Keywords: Abai Kunanbaev, Kazakh language, binary relationships, opposition connectors, linguophilosophy.

Мағрипа Ескеева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
(E-mail: mag61103@inbox.ru)*

Бинарные отношения в языке Абая

Аннотация. Концептуальные размышления и гуманистические идеи великого сына казахского народа Абая Кунанбаева, преданного своему народу и общечеловеческим ценностям, лежат в основе духовного развития современного казахского мира. В

данной статье рассматривается анализ языковых единиц, характеризующих бинарные отношения в языке произведений Абая. Последовательность идеологических символов, консолидированная вокруг многослойного концепта, охватывает синонимичные, промежуточные и антиномичные понятия, основанные на общих признаках. Полярные границы каждой последовательности замыкаются противоположными смыслами. Отсюда же вытекает и осознание философами концепта как единства противоречий, в русле дуалистической теории диалектики. В лингвистической науке такие оппозиционные скрепы в ноосферном мире проявляются через бинарные пары в языковой сфере. Языковые единицы, описывающие бинарные отношения в языке, переплетаются с лингвофилософским явлением, связанным с диалектическим законом единства и борьбы противоположностей.

В целом, хотя язык является системной структурой и сложным ноосферным явлением, его внутренняя природа полна противоречий. Поскольку человечество считается частью природы, его язык является как природным микрокомпонентом, так и многогранной категорией, которая раскрывает человеческое существование, отличает людей от других живых существ, определяет человеческое познание и качество и отражает уникальные ментальные характеристики языкового сообщества или этноса. Бинарные отношения в языке Абая включают такие оппозиции, как «жизнь – смерть», «душа – тело», «бытие – небытие», «добро – зло», «мудрость – невежество», «верность – неверие», «отец – ребенок» и т. д. Этнокультурное содержание лексем, описывающих эти бинарные отношения в языке Абая, проливает свет на сложную систему мышления и мировоззрения великого мыслителя.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, казахский язык, бинарные отношения, коннекторы оппозиций, лингвофилософия.

Автор туралы мәлімет:

Ескеева М.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

Information about author:

Yeskeyeva M.K. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

Сведения об авторе:

Ескеева М.К. – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>